

Бауырмалдылық және кеңпейілділік



Адамдардың бір-бірін жақсы көруі, мейірімділігі, жанашырлығы, қамқорлығы бауырмалдылықты білдіреді. Ол тек қана адамдардың туыстық негізінде ғана емес, жалпы адами қасиет ретінде өзге жұрттарды бауырына тарту, оларды жақын санап қамқорлық көрсету, жатсынбау, көпшіл болудан көрінеді. Ал кеңпейілділік адам бойындағы ізгі қасиетті білдіретін ұғым. Кеңпейілділік пен бауырмалдылық адамдарды татулыққа, бірлікке, ынтымаққа жетелейді.

Сабағымыздан үйренген сыйластық, бауырмалдылық, татулық, кеңпейілділік сияқты жақсы қасиеттерімізді бойымызға сіңіріп, барша адамзатқа деген бауырмалдылық, кеңпейілділік, сүйіспеншілік құндылығын жүрегімізде сақтайық!



Бауырмалдылық пен кеңпейілділік



Жалпы адамзатты өзара жақындастырып, достастыруға көмектеседі.



Адамдарды бір-бірін бауырына тарта білуге, қамқорлық көрсетуге үйретеді.



Білдіре алатын адам жан-жағына шапағат нұрын шашады.

Мейірімділік, қайырымдылық,
махаббат, адалдық ақ жүректен
шығады.